

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ  
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ  
БЕРУ БАСҚАРМАСЫ, ЖЕЛЕЗИН  
АУДАНЫ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ  
«ЕКІШОҚ НЕГІЗГІ ЖАЛПЫ  
БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ» КММ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
ПАВЛОДАРСКАЯ ОБЛАСТЬ  
КГУ «ЕКИШОКСКАЯ ОСНОВНАЯ  
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА»  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ЖЕЛЕЗИНСКОГО  
РАЙОНА, УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

Екішоқ ауылы, Бірлік көшесі-12  
Тел: 8-718-31-41-571

с. Екішоқ, ул. Бірлік-12  
Тел: 8-718-31-41-57

## Бұйрық №1-03/79/5

2023 жылғы «01» қыркүйек

### Мектеп формасы қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы және ҚР-ның Әділет министрлігінде 2016 жылғы 16 ақпанда №13085 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5 бабының 14-1 – тармақшасына сәйкес, Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы бұйрығымен орта білім беру ұйымдарының мектеп формасына қойылатын талаптарға өзгерістер енгізілуі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 19 мамыр 2023 жылғы мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысының қорытындысы бойынша 2023-2024 оқу жылына міндетті мектеп формасы келесідей болып бекітілді.
2. Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы (бұдан әрі – мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі класикалық стильде қара көк түсті, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалды.

#### ЕР БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫ:

3. Қара көк түсті пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водалазка, кардиган)
4. Ер балаларға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұратын.

#### ҚЫЗ БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫ:

5. Қара көк түсті пиджак, жилет, юбка, шалбар, класикалық жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водалазка, кардиган) Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұратын, юбкалары тізеге дейін түсіп тұратын.
6. Ер балалардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ақ жейдеден, қыздар ақ түсті блузкадан құралады.
7. Ер балалар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовки, кеды) тұрады.
8. Мектеп формасына түрлі ДІНИ КОНФЕССИЯЛАРҒА ҚАТЫСТЫ КИІМ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОСУҒА БОЛМАЙДЫ. (Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығының 13 тармағына сәйкес)

9. Мектеп формасының түсі, фасонын таңдау және юбканың ұзындығын мектеп ұжымы мен қамқоршылық кеңес жиналысының хаттамасымен бекітілді.
10. Білім алушылардың мектепте белгіленген бірінғай мектеп формасын тігетін шеберхананы таңдау ата-ананың өз еркінде.
11. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауда БТЖ орынбасары Д.Б.Нурсейтоваға жүктелсін.

Мектеп басшысы:  
Таныстырылды:



М.Р.Махметов  
Д.Б.Нурсейтова